



# Ақмешіт

12 тамыз  
сенбі

№63 (1970)

2023 жыл

Газет  
1994 жылдың 15 сәуірінен  
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-  
ақпараттық тарихи-танымдық газет •  
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

## апталығы

### 3 МЫҢҒА ЖУЫҚ ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛМАҚ



Халықты баспанамен қамту мақсатында аймақта 1924 пәтерлік 36 көпқабатты тұрғын үй салынууда. Биыл 1430 пәтер халық игілігіне табысталады. Ақжолтай жаңалықты аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев облыстық мәслихаттың кезекті V сессиясында айтты.

– Қазір облыс көлемінде 31,4 млрд теңгеге 130 мың шаршы метр болатын 1924 пәтерлік 36 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Биыл 30 үй (93 мың шаршы метр, 1430 пәтер) халық игілігіне табысталады. Бұдан бөлек, әлеуметтік осал топтарға 1000 пәтер сатып алуға (600 пәтер Қызылорда қаласында, 400 пәтер аудандарда) республикалық бюджеттен 9,6 млрд теңге бөлінді, – деді облыс әкімі.

Елдің әл-ауқатын арттырудың тағы да бір өлшемшарты – инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамыту. Облыс халқының 98,1 пайызы орталықтандырылған ауызсумен қамтылған. Бұл көрсеткішті 100 пайызға жеткізуге жұмыстар жасалуда (230 елді мекеннің 198-і су жүйесіне қосылған). Өткен жылы 6 ауыл «көгілдір отынға» қосылып, халықты газдандыру деңгейі 70 пайызға жетті. Биыл тағы да 12 елді мекенге табиғи газ тартылып,

газдандыру деңгейі 75 пайыз болады. Аймақ басшысы жиында кәсіпкерлік, индустриялық жобалар, өнеркәсіп өндірісі жайын да сөз етті. Сонымен қатар жол құрылысына байланысты атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Бүгінде Қызылорда қаласында 141 шақырым көшені жөндеу жұмыстары қарқынды жүруде. Шет аймақ, кенттер, ауылдар да назардан тыс қалған жоқ.

Облыс әкімі көлік ағыны көп Бейбарыс сұлтан, Назарбаев және Астана даңғылы сияқты орталық көшелерде жол жөндеу жұмыстары алдағы 10-15 күнде аяқталатынын айтып, уақытша қолайсыздыққа түсіністіктен қарауды сұрады.

«Ақмешіт-ақпарат»

### ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК НӘТИЖЕСІН БЕРЕДІ



#### ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСПЕН КӨРКЕЙЕДІ

Тәуелсіздік жылдары облыс аумағында 300-ден аса білім беру және денсаулық сақтау нысаны салынды. Қазіргі заманға лайықталған соңғы үлгідегі технологиялармен

жабдықталған медициналық, диагностикалық және қайта сауықтыру орталықтары бой көтерді. Көпқабатты тұрғын үйлер көбейді. Бірнеше шағын аудан мен кварталдар бой көтерді. Бір сол жағалаудың өзі осы сөзімізге дәлел бола алады.

3 БЕТТЕ

## АБАЙ 10 ТАМЫЗДА ТУҒАН БА?

Қазақтың маңдайалды ақынының бірі – Абай Құнанбайұлы.

Алаш баласында бұл кісінің есімін білмейтін адам жоқ. Дала даналығын бойына жиып, елге ақыл-парасатымен танылған қазақтың ғұлама ұлы жайында талай туынды жазылды. Хакім Абай хақында қалам тербегендердің қатарында Ахмет Байтұрсынұв, Мұхтар Әуезов сынды ұлттық әдебиетіміздің қосбасында тұрған тұлғалар да бар. Бірақ неге екені белгісіз, әйтеуір Абай ақынның туған күніне келгенде екіұшты пікір айтылады. Тіпті ғалымдардың өзі әлі күнге дейін бір байламға келе алмады.

Абай – үлкен тақырып. Оның философиялық әлемі, өлеңдегі табиғаты, лирикасы, әндері тағысынтағы таусылмайтын қыры мен сыры көп. Абайдың қара сөздерін оқыған, шығармашылығына үйілген жан пәлсапалық тереңдікпен кездесетіні анық.



4 БЕТТЕ

### «Әлеуметтік кодекс» жүзеге аса бастады



Шілденің алғашқы күнінен бастап әлеуметтің әлеуетін жақсартуды мақсат еткен «Әлеуметтік кодекс» күшіне енді. Халықтың жағдайын түзеуге маңызды құжат саналған кодекс ел өміріне қандай өзгеріс әкеледі? Осы орайда қалалық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімінің атқарып жатқан жұмысына тоқталғанды жөн көрдік.

2 БЕТТЕ

### Апта басында қала әкімдігі жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды саралау мақсатында баспасөз туры ұйымдастырды. Мұнда қаладағы, шет аймақтағы көшелер және Қызылжарма ауылдық округінде жүргізіліп жатқан жол жөндеу жұмыстарын көрсетті.

## ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ – ЖОЛДЫҢ БІТКЕНІ

– Көшелерді жөндеу мен жаяу жүргіншілерге арналған көпір құрылысын наурыз айында бастадық. Аталған жаяу жүргіншілер көпірінің екі жағынан мүмкіндігі шектеулі жандарға көтергіш қондырғысы орнатылады. Оны қазан айында елігілігіне береміз. Қазір жолды жаңғырту бойынша атқарылған жұмыстардың 80 пайызы толық аяқталып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар көшелерге жарық шамдар, аялдама орнату және қоғамға 20 автобус беру жұмыстары қаралған. Бұл жұмыстарды қыркүйек айына дейін аяқтау жоспарда бар, – деді қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жәнісбек Файзуллаев.

2 БЕТТЕ

# «Әлеуметтік кодекс» жүзеге аса бастады

## МАҢЫЗДЫ ҚҰЖАТТЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

– Әлеуметтік кодекс еліміздегі жаңа әлеуметтік саясаттың ауқымды өзгерістерін қамтыған. Басты бағыты – әрбір отбасының әл-ауқатын арттырып, тұрмыс сапасын жақсартудың негізін қалыптастырады. Кодексті іске асыру мақсатында биыл шілденің 1-нен бастап облыс орталығында еңбек мобильділігі орталығы құрылды, ал қалалық жұмыспен қамту орталығы «Мансап орталығы» болып қайта құрылып, еңбек мобильді орталығының филиалы ретінде өз жұмысын жалғастырады, – дейді бөлім басшысы Кенже Құрақбаева.

Сондай-ақ шілденен бастап «Азаматтық хал актілерін тіркеу» (АХАТ) бөлімінің функциялары «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына беріліп, халыққа қызмет көрсетіп жатқанын айта кеткен жөн.

– Кодекстің басты жаңалығының бірі – мемлекеттік органдардың қолданыстағы барлық ақпараттық жүйелерінің деректері негізінде «Отбасының цифрлық картасын» қалыптастыру. Осыған сәйкес, Қызылорда қаласы әкімдігінің қаулысымен «Қызылорда қаласының отбасын қолдау орталығы» мемлекеттік мекемесі құрылды. Отбасының цифрлық картасын енгізудің басты мақсаты – қазақстандықтардың мемлекеттік қолдау жүйесіне тең қолжетімділігін қамтамасыз ету. Отбасының цифрлық картасы мемлекеттік әлеуметтік саясаттың орта және ұзақ мерзімді міндеттері мен бағыттарын айқындау құралы ретінде белгіленді. Яғни мемлекет кімге, қашан, қандай көмек қажеттігін анықтап ғана қоймай, әлеуметтік тәуекелдердің алдын-алу шараларын қарастыруға мүмкіндік алады. Цифрлық карта отбасы мүшелерінің әлеуметтік статусына және отбасылық әл-ауқат дәрежесіне қарап, мемлекеттік қолдаудың қандай түрін алуға құқылы екендігін жеткізіп отыратын электрондық жаршы құралы қызметін атқарады. Мұндай ақпарат әрбір отбасына орталық мемлекеттік орган тарапынан SMS хабарлама ретінде жіберіледі. Мемлекеттік қолдау проактивті форматта жүргізілмек. Яғни азаматтарға әлеуметтік төлемдер және көмектер ақпарат жүйесінде бар деректерге негізделіп тағайындалады.

Басы 1-бетте

Кодекстің екінші жаңалығы – мемлекеттік қолдаудың жаңа парадигмасы. Яғни мемлекеттік қолдау алдымен әлеуметтік тәуекелдердің алдын алатын атаулы шара, одан кейін ғана атаулы әлеуметтік көмек ретінде қарастырылады. Осы бағыттағы тағы бір маңызды өзгеріс – атаулы әлеуметтік көмек беру үшін кедейлік шегі бүгінгі күн көріс деңгейі арқылы емес, медиандық табыс деңгейі арқылы анықталмақ.

Кодекстің үшінші жаңалығы – әлеуметтік қызмет көрсету жүйесін трансформациялауға қатысты. Негізгі мақсат мүгедектігі бар азаматтарға көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтерге деген қолжетімділігін арттыру. Ол үшін мынадай өзгерістер қарастырылған:

Жан басына шаққандағы нормативті енгізу. Оның мөлшері қызметтер үшін жеке норматив, ал компенсаторлық техникалық құралдар үшін шектеулі бағалар түрінде жіктеледі. Бұл өзгерістер бір жағынан кейбір қызмет немесе тауар түрлерін алдағы уақытта монетизациялауға алып келеді. Екінші жағынан арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуге жеке секторды кеңінен тарту арқылы саланың инфрақұрылымын ауылдық жерге дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Мүгедектігі бар адамдарға қызмет көрсету ісіне олардың отбасы мүшелерін барынша тарту. Бұл ретте, отбасы мүшесі жеке көмекші немесе әлеуметтік қызметкер ретінде рәсімделеді. Аталған жұмысқа еңбекақы төленеді және әлеуметтік төлемдер мен зейнетақы жарналары аударылады. Сәйкесінше, отбасының еңбек жасындағы жұмыссыз мүшесін жұмысқа орналастуға мүмкіндік береді. Әлеуметтік тәуекел туындаған жағдайда әлеуметтік қамсыздандыру шараларымен толық қамтылады.

Кодекстің төртінші жаңалығы – әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесіне қатысты. Қазіргі сақтандыру жүйесі әлеуметтік тәуекелдің 5 түрін сақтандырылады. Бұл – халықаралық стандарттарға және нақты экономикалық жағдайларға сай келетін жүйе. Жүйе әлеуметтік төлем төлеуге ғана бағытталмай, ең алдымен азаматтарды формальді жұмыс істеуге ынталандыруды көздейді, – дейді бөлім басшысы.

## ЖҰМЫС БАР МА?

Облыстық статистика департаментінің мәліметі бойынша 2022 жылдың қорытындысымен Қызылорда қаласында экономикалық белсенді халық саны 147886 адам, жұмыссыздық деңгейі – 4,7 пайыз, облыста – 5 пайыз.

2023 жылы қала бойынша 11624 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланған, (тұрақты 6346), 1 тамыздағы мәлімет бойынша 8332 жаңа жұмыс орны құрылды (72%), оның 3599-ы тұрақты жұмыс орны.



2023 жылдың 1 тамызына қалалық Мансап орталығына жұмыс іздеуші ретінде хабарласқан азаматтардың саны – 15187, оның ішінде тұрақты жұмысқа орналасқаны – 2217, яғни жұмысқа орналасқандар қатарынан тұрақты жұмысқа орналасқандар үлесі 14,6 пайызды құрады.

Есепті кезеңде тіркелген жұмыссыздар саны – 6847, уәкілетті органға тіркелген жұмыссыздық деңгейі – 4,6 пайызды (2022 жылдың қорытындысымен экономикалық белсенді халық саны – 147886 адам) құраған.

Қызылорда қаласында 2023 жылдың 1 тамызындағы жағдай бойынша статистикалық мәліметке сәйкес 353289 адам тіркелген болса, оның ішінде 32181-і зейнеткер, 11211-і

мүгедектігі бар адамдар және 5 503-і атаулы әлеуметтік көмек алушыларды құрайды.

Негізінен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер халықты жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғауға бағытталған. Бүгінде бөлім тарапынан 14 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі, оның 13-і әлеуметтік төлемдер және 1-і көші-қон бағытында. Жыл басынан бері барлығы 23231 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Оның ішінде: 10239-ы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы, 649-ы бөлім арқылы, 12343-і «Электронды үкімет порталы»

арқылы жүзеге асырылды. Яғни көрсетілген қызметтердің «Электронды үкімет порталы» арқылы қабылдануы басым.

Қала бойынша 2023 жылдың 1 тамызына: – 5503 отбасына (2764 адамына) атаулы әлеуметтік көмек;

– 6992 балаға жолда жүру ақысы;

– 8521 1 жастан 6 жасты қоса алғандағы балаларға қосымша төлем;

– 1027 отбасына (3533 адамына) тұрғын үй көмегі;

– Жекелеген санаттағы (ҮОС қатысушылары мен мүгедектеріне, қаза тапқан жауынгерлердің қайтадан некеге отырмаған жесірлеріне «Құрмет» атағы бар, үйі өртенген, ҮОС жылдарында кемінде 6 ай жұмыс

істеген тыл ардагерлеріне, Ауған соғысының, Чернобыль, Совет Армиясының мүгедектеріне және Семей апатынан зардап шеккен азаматтарына және т.б.) әлеуметтік қолдауды қажет ететін 2256 адамға әлеуметтік төлемдер төленді, – дейді бөлім басшысы К.Құрақбаева.

## МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНДАРҒА ҚАМҚОРЛЫҚ

Қала бойынша жалпы мүгедектігі бар 11211 адам болса, оның ішінде 1 топ – 1289, 2 топ – 3336, 3 топ – 3338 және 3248-і мүгедектігі бар балалар.

Мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсартуға, қоғамдық-экономикалық өміріне толыққанды интеграциялау үшін 2025 жылға дейінгі бекітілген Ұлттық жоспар негізінде «Әлеуметтік қызметтер» порталы арқылы 01.08.2023 жылға өтінім берген 11222 адамның жеке оналту бағдарламасына сәйкес жыл басынан бері гигиеналық және арнаулы жүріп-тұру құралдармен қала және қалаға қарасты ауылдық округтерде тұратын мүгедектігі бар адамдардың 9376-ы қамтылып, орындалуы 83,6% құраған.

Сонымен қатар 1062 1 топ мүгедектігі бар адамдарға 930 жеке көмекшілер және 184 мүгедектігі бар адамдарға 17 ымдау тілі мамандарымен қызмет көрсетсе, 536 үйде тәрбиеленіп және оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз етуге көмек көрсетілді.

Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру мақсатында тірек қимыл аппараты бұзылған және психоневрологиялық патологиясы бар 55 мүгедектігі бар балаларға күндізгі стационар жағдайында және үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызметтер, атап айтқанда, мүгедектігі бар адамдарға «Инватакси» (13 такси) қызметі, халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтарына жататын 225 отбасы ай сайын ыстық тамақпен қамтамасыз етілуде.

Халықтың әлеуетін көтеруді мақсат еткен құжат жүзеге аса бастаса, ел игілігін сезінсе ғана, маңызды болмақ. Әйтпесе, қағаз күйінде қала береді...

Гүлмира МАҒЛҰМҚЫЗЫ



Биыл облыс орталығында асфальт төсеу, жаяу жүргіншілер жолы, көшелерді жөндеу секілді басқа да ауқымды құрылыс жұмыстары атқарылуда. Қала мен елді мекендердегі кент және ауылдық округтерде жалпы ұзындығы 184,9 шақырымды құрайтын 264 көше жөнделмек. Оның ішінде жөнделіп жатқан жолдардың 80 пайызы шет аймақтар, кент пен ауылдарда. Елді мекендердегі ұзындығы 111,2 шақырымды құрайтын 161 көше жаңартылмақ, ал қаланың шет аймағындағы 86 көшенің 48,1 шақырымы жөнделуде.

Жолды жаңғырту жұмыстары бойынша мердігер «УАД» ЖШС мекемесі Н.Назарбаев даңғылындағы Б.Баймахановтан Бөкейхан көшесіне дейін және «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейінгі Бейбарыс сұлтан көшесін жөндеу жұмыстарын қолға алды. Мұндағы Б.Баймаханов пен Бөкейхан көшесінің ұзындығы 4,2 шақырымды құрайды.

Одан бөлек Н.Назарбаев даңғылынан «Қызылорда-Құмкөл» трассасына дейінгі Бейбарыс сұлтан көшесі

Басы 1-бетте

жаңғыртылып жатыр. Ұзындығы 4,2 шақырымды құрайтын жол екі жолақты болған. Қазіргі таңда 4 жолаққа кеңейту мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Яғни жол жиегіндегі жылу құбырлары алынып, жер астымен жүргізілуде. Мамандар Н.Назарбаев даңғылындағы көшелердің құрылыс жұмыстары қыркүйек айында аяқталатынын жеткізді.

Жол жөндеу бойынша бірнеше көшенің жабылу себебі мен неге асфальтқа қайта жаңғырту жұмыстары жүріп жатқанын қала әкімінің орынбасары Ғалымжан Еркебай баяндап, кешірім сұрады.

– Облыс әкімі жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бойынша ауылдық елді мекендер мен шет аймақтарға көңіл бөлуде. Яғни көшелерге орташа және күрделі жол жөндеу жұмыстары атқарылуда. Ал қаланың бірнеше орталық көшесіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Оған себеп жолдың техникалық жағдайын алдын ала



# ХАЛЫҚ ҚАЛАУЫ – ЖОЛДЫҢ БІТКЕНІ



сақтап қалу. Егер техникалық жағдайын сақтап қалмасақ 2-3 жылдан кейін күрделеніп, жөндеу құны екі үш есеге дейін өсуі мүмкін. Сол үшін жолдың көп жабылуына байланысты тұрғындардан кешірім сұраймыз, – деді қала әкімінің орынбасары.

Бұл интенсивтілігі жоғары орталық даңғылдардың жол жабындыларын төсеу жұмыстары көшелердің жарамдылық мерзімінің жетуіне байланысты жасалуда. Аталған жол құрылысы бойынша мердігер мекемелер екі ауысыммен жұмыс істеуде.

**Биыл облыс орталығында асфальт төсеу, жаяу жүргіншілер жолы, көшелерді жөндеу секілді басқа да ауқымды құрылыс жұмыстары атқарылуда. Қала мен елді мекендердегі кент және ауылдық округтерде жалпы ұзындығы 184,9 шақырымды құрайтын 264 көше жөнделмек. Оның ішінде жөнделіп жатқан жолдардың 80 пайызы шет аймақтар, кент пен ауылдарда. Елді мекендердегі ұзындығы 111,2 шақырымды құрайтын 161 көше жаңартылмақ, ал қаланың шет аймағындағы 86 көшенің 48,1 шақырымы жөнделуде.**

Нәзира МҰҚАТАЕВА  
Суреттерді түсірген Н.НУРЖАУБАЙ

# ТЫНЫМСЫЗ ТІРЛІК НӘТИЖЕСІН БЕРЕДІ



Тұрғын үй салуда республикадағы көшбасындағы аймақтың бірі Қызылорда екенін көпшілік жақсы біледі. Сыр өзенінің қос қапталын алып жатқан қалада биыл да қарқынды құрылыс жүруде. Қалалық құрылыс бөлімі берген мәліметке сүйенсек, биыл құрылыс жобаларын салуға 25837 млн теңге бөлінген. Оның ішінде тұрғын үй құрылысына 8333,5 млн теңге, инженерлік жүйелер жүргізуге 4790,9 млн теңге, сумен

жабдықтауға 4218,2 млн теңге, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Қарауылтобе, Талсуат ауылдық округтерінде 150 орындық клубын жалғастыруға 154,4 млн теңге және Қосшынырау ауылдық округіндегі Досан елді мекенінің ауылшілік жол құрылысына 138,9 млн теңге, газ жүйесін жүргізуге 740 млн теңге, пәтер сатып алуға 6894,7 млн теңге, спорт объектілерін дамыту бағдарламасы аясында Тасбөгет кентінде дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына 542 млн

теңге және Қызылжарма ауылдық округінен дене шынықтыру сауықтыру жобасының сараптама оң қорытындысын алуға 2,2 млн теңге, жылу энергетикалық нысандарды дамытуға 22,2 млн теңге қаралған.

«Нұрлы жер» бағдарламасы аясында Сырдария өзенінің сол жағалауында көп-қабатты 17 тұрғын үй салынууда. Оның ішінде 50 пәтерлі көпқабатты 5 тұрғын үй және 40 пәтерлі көпқабатты 4 тұрғын үй мен 60 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы жыл аяғына дейін пайдалануға беріледі деп күтілуде. Осы мөлтек ауданда 7 қабатты 84 пәтерлі 6 тұрғын үйдің құрылысы басталды. Аталған тұрғын үйлерді инженерлік инфрақұрылыммен қамтуға бюджеттен 2,2 млрд теңге қаралған. Мамандар құрылыс жұмыстарына қаржы бюджеттен толық бөлінсе жыл соңына дейін аяқталады деп отыр.

## ОРТАЛЫҚ АЛАҢ ЖАҢА КЕЙІПКЕ ЕНЕДІ

Игілікті істің бірі орталық алаңда жүріп жатыр. Ашып айтсақ, «Қызылорда қаласындағы Әйтеке би көшесін Желтоқсан көшесінен А.Байтұрсынов көшесіне дейін, Ы.Жақаев көшесін Әйтеке би көшесінен Қорқыт ата көшесіне дейін абаттандыру» жобасына орай, мердігер мекеме құрылыс жұмыстарына

кірісті. Жоба бойынша субұрқақтар аумағына тастақталар, жолжиек тастар орнатылады. Жарық диодты шамдар қойылып, көгалдар, көпжылдық жасыл көшеттер отырғызылады. Сонымен қатар шаштын архитектуралық пішімдемелер орналастырылады деп күтілуде. Ы.Жақаев көшесінің Қорқыт ата көшесінен орталық алаңға дейінгі аралығы да толықтай абаттандырылады.

## ЖОЛ ЖАҚСАРА ТҮСЕДІ

Осы жерден сөзді бөліп, көпті алаңдатқан жолдың жайын жазайық. Мақтанғанымыз емес, ашығын айтқанымыз деп біліңіздер, Қызылорда жол жағдайы бойынша да көп аймақтан көш ілгері. Бейбарыс сұлтан көшесінің қалай жаңарып жатқаны көпке аян. Қала орталығындағы Назарбаев, Астана даңғылдары мен Яссауи көшесі де жөнделіп, абаттандырылатын болады. Бұдан бөлек «Белкөл», «Құлагер» теміржол өткелдері салынууда. Қаланың тек орталық көшелері емес, сонымен қатар шет аймақтарында да жолдарды жөндеу, жаяу жүргіншілер жолын салу секілді қарқынды жұмыс бар. Сырдария өзенінің сол жағалауындағы басты көше жолының «Батыс-Еуропа-Батыс Қытай» көлік дәлізімен жанасатын жерінде көлік айырығын салу жобасы таяу арала аяқталады.

Қаланың сол жағалауынан заманауи үлгідегі жаңа автовокзал мен «Қазақстан Темір Жолы» компаниясымен бірлесіп, Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы ғимараты қайта жаңғыртылып жатыр. Мұның бәрі ел игілігі үшін жасалып жатқан жұмыс екенін айта кеткен жөн.

## ЕЛ СҮЙСІНЕР ИГІЛІК КӨП

Дария жағасында орналасқан қалада бұдан да бөлек қаншама жұмыс бар. Соның бір дәлелі ретінде «Анаға тағзым», «Неке сарайы», «Өнер орталығы», «Қан орталығы» сынды іргетасы қаланған алып құрылыс нысандарын атап өтуге болады. Мұның қасына ел игілігі үшін салынып жатқан ондаған көпқабатты тұрғын үйлерді қосыңыз. Жыл соңына дейін «Анаға тағзым», «Неке сарайы» сынды ғимараттар ел игіліне беріледі деп жоспарлануда. Жылу электр станциясының да іргетасы қаланғанын көпшілік жақсы біледі. Бұған ондаған балалар спорттық ойын алаңын қосыңыз. Жаңа әуежай терминалы да салынып жатыр. Одан бөлек Қызылорда қаласындағы үйлердің қасбеттері заманауи үлгіде жаңғыртылуда. Қала ішіндегі жолдар жөнделіп, көркейту жұмыстары қарқын алды. Осыған қарап-ақ облыс орталығының алып құрылыс алаңына айналғанын аңғаруға болады.

А.АҚЫЛБЕК

Басы 1-бетте



Мен Сыр өңірінде дүниеге келдім. Оны әрдайым мақтан тұтамын. Әр аймақтың өз ерекшелігі болады. Қызылорда жұртшылығы қонақжай мінезімен ерекшеленеді. Халқының 90 пайыздан астамын жергілікті ұлт өкілдері құрайды. Сыр топырағы – ата-бабамыздың ықылым заманнан сақталып келе жатқан дәстүрін берік ұстанған

болашақ арманыма қанат бітіріп, рухани кемел күш-қуат сыйлайды. Менің қолтаңбам бұдан бұрын ару Астананың ғимараттарында айшықталса, келешекте Қызылорда қаласында өрнектелсе деп армандаймын. Зенгір көкпен таласқан зәулім үйлер, халық игілігіне қызмет етіп жатқан әлеуметтік нысандар облыс орталығының келбетін нұрландырып тұр. Сан түрлі бояумен көмкерілген гулзарлар қала тынысын аша түскендей. Қалада бүгінде құрылыс қарқын алууда. Орталық алаң өзгеше әсем кейіпке енеді деп, макетін әлеуметтік желіге жариялап жатыр. Сол жағалаудан 7 қабатты үйлер бой түзеп жатыр. Халыққа ең керекті асфальт төселген жолдар екені айтаса да түсінікті. Биыл осы жолдар мен көпір тек қала орталығында ғана

## ЕЛДІҢ ЫҚЫЛАСЫМЕН ШЫРАЙЛАНҒАН ҚАЛА

өңір. Алғашқы астана деген атқа ие Ақмешіттің бүгінгі келбеті қазіргі заманға сай, бүкіл сырбайлықтардың бойында «бұл – менің қалам» деген мақтанш сезімін туғызатындай дәрежеде деп ауыз толтырып айтуға әбден болады.

Әсем қала Алматыда бірталай жылдардан бері тұрып, еңбек етсем де, туған жерім жүрегімнің төрінде жүлдіздей жарқырайды. Мен құрылыс саласында ұзақ жыл үздіксіз қызмет жасап келемін. Мамандығым құрылыс саласына қатысты болғандықтан, Сыр топырағына қадам басқан сайын, шаһардың архитектуралық келбетіне зер саларым. Соңғы жылдары жаңарған, жасарған, гүлденген туған өлкем Қызылорда қаласының көркіне көңілім толып, жан сарайым жадырап аттанып жүрмін. Әсіресе сол жағалаудағы жақұттай жарқыраған жарық шамдармен шағылысып, қазақы оюлармен өрнектелген есенсіз ғимараттар қиялына қанат бітіріп, шығыс халқының өркениетін паш етіп тұрғандай әсер береді. Міне, осындай шаһардың әдемі келбеті әр келгенде

емес елді мекендерде де салынууда. Аймақтың тыныс-тіршілігі қайнаған еңбекпен үйлесім тапқан. Алып крандар сап түзеген нағыз құрылыс алаңына айналған туған жерімді көріп, бір жасарып қалдым. Осындай кезде менің әріптестерім құрылысшылардың еңбегін ерекше атап өту керек. Құрылысшылар құрыш қолдарымен күннің ыстық-суығына қарамай, ашық алаңдарда үй тұрғызып жатыр. Әр қалаған кірпіші болашақта зәулім үйлер болып бой түзеп, жерлеріне құтты баспана болатынын ойлаудың өзі қандай бақыт. «Аналар үйі», «Неке сарайы», орталық алаңдағы Еңбек аллеясы тарихи мұра секілді. Бұл – еңбек адамдарын құрметтеу арқылы жастардың бойына, таным-түсінігіне ел дамуы тек еселі еңбекпен шыныққа айналатынын түсіндіру.

Қалай десек те, Сарыарқа төсіндегі жаңа Астанаға қарап бой түзген менің сүйікті қалам болашақта сәулетіне доулеті сай ғажайып шаһарға айналарына сенемін.

Сәрсенбек ӘБУОВ,  
Қазақстанның Құрметті  
құрылысшысы

## «ХАЛЫҚТЫҢ ҚУАНЫШЫН КӨРУ – БАҚЫТ»

Зәулім де әсем ғимараттар бүгінде қалада көптеп бой көтеруде. Шілдігін шілде айында да, қаһарлы қыста да құрыш қолды құрылысшылар жұмыс алаңынан табылып, қалада да, ауылда да сәулетті құрылыс тұрғызып, елдің алғысына бөленуде. Туған қаламыздың гүлденіп, көркейіп жатқаны құрылысшылардың еңбегі. Өздерінің қолтаңбаларын кірпіштен қалаған еңбек адамдары қандай құрметке де лайық. Қала тұрғындарының баспана алып, қуанған сәтін көру де құрылысшыларға күш-қуат сыйлайды. Өз өмірінің сәулеті сәтін құрылысқа арнаған жанның бірі – Бақытжан Сансызбаев. Ол 1970 жылы 1 наурызда Қызылорда қаласында мұғалімдер отбасында дүниеге келген.

1987 жылы №212 қазақ орта мектебін тәмамдаған соң «Промстрой» мекемесінде комсомол жастар бригадасын құрып жұмыс істей бастайды. Мұнан соң 1989-1995 жылға дейін «СТМК-1» құрылыс мекемесінде монтажник болып жұмыс атқарады. 2000 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Үйлер мен ғимараттар салу және пайдалану» мамандығы бойынша бітіріп, «Иман» ЖШС мекемесінде бригадир мастер болып жұмыс істейді. 2015 жылдан «Сәт Сервис» ЖШС мекемесінде прораб болып жұмыс атқарады.

– Менің жанымның қалауы – құрылысшы болу болатын. Қалауым орындалып, бұл күнде ұзақ жылғы төккен тер өз нәтижесін беруде. Басқа мамандық мені қызықтырмайды.



Өзін құрылысын жүргізген зәулім үйлер салынып бітіп, оған тұрғындар қоныстанып жатқанда кеудемді бір мақтанш сезімі билеп, әсерге бөленемін. Бізде соңғы жылдары құрылыс қарқын алууда. Қала көркейген сайын біздің жұмысымыз қызы түседі. Күннің аптап ыстығына қарамай, біздің жұмысшылар тынбай жұмыс істеуде. Жоспарға сай құрылыс нысанын тезірек бітіру үшін уақытпен санаспай ширақ қимылдаймыз. Бақыттымыз еңбектен тапқаным, елдің қуанышына ортақтасқаным қуанамын. Әріптестерімді төл мерекеміз құттықтаймын, – дейді кейіпкеріміз.

Бұл күнде құрылыс саласын жетік менгерген үздік құрылысшы еселі еңбегімен құрметке бөленуде. Еткен еңбегі еленіп, «Қызылорда қаласының құрметті құрылысшысы» атанып отыр. Қалай десек те таза еңбек, маңдай термен келген қуаныш ұзағынан болары сөзсіз. Біз де озап құрылысшыға сөзтілік тілейміз.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА



## ТАС ҚАЛАУШЫДАН БАСТАЛҒАН ЖОЛ

Қаламыздың көркіне көрік беріп, зәулім үйлер мен ғимараттар салуға өз үлесін қосып жүрген жанның бірі – Қалдыбек Абдрев.

Кейіпкеріміз «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-да учаске басшысы қызметін атқарады. Кейіпкеріміз 1960 жылы Қызылорда облысының Сырдария ауданына қарасты Шаған ауылында дүниеге келген. Өмір жолын құрылыс саласына арнаған Қалдыбек Абдревтің қажырлы еңбегі зор құрметке ие. Оның 42 жыл бойы жасаған құрылыс нысандарында өзіндік қолтаңбасы қалған.

Алғаш еңбек жолын 1981 жылдың маусым айында ПМК – 18 «Риссовхозстрой» мекемесіне IV разрядты тас қалаушы болып бастаған. Сол мекемеде бірнеше айдан кейін шебер қызметкері болған. Бір жылдан кейін бас инженер қызметіне



ауысып, 4 жылдан кейін ӨТБ басшысы қызметіне дейін өскен. Ал 1987 жылы Тереңөзек күрші совхозына ЖКО инженер-техник қызметіне жұмысқа ауысқан. Онда үш жыл қызмет жасағаннан кейін шаруашылық прорабы болған.

Аталған мекемеден 2012 жылы өз еркімен жұмыстан шығып, «Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС-на прораб ретінде жұмысқа

қабылданған. Серіктестікте алты жыл еңбек еткен кейіпкеріміз 2018 жылдан бастап учаске басшысы қызметіне дейін көтерілген.

«Дәнекер құрылыс компаниясы» ЖШС мекемесі кейіпкеріміздің тұрақты жұмыс орнына айналған. Бұл мекемеде еңбегі еленіп 2018 жылы құрылысшылар күніне орай алғыс хатпен марапатталған. Ал 2019 жылы «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» атты құрмет белгісін алған.

Қазіргі таңда мекемедегі әріптестерімен бірге қала мен облыс аумағындағы аудандарда көптеген тұрғын үй құрылыстарының, жол, ауызу, аяқсуларды елді-мекендерге пайдалануға, түрлі қоғамдық жұмыстарға белсене араласып, тұрғын үй нысандарының құрылыстарын салуға және қала орталығын көркейтуге атсалысып келеді.

НА.АТЫН

# АБАЙ 10 ТАМЫЗДА ТУҒАН БА?

Сөз басында хакім Абайдың туған күніне байланысты дау көп екенін жаздық. Университет кабырғасында жүргенде осы тақырып қозғалғанда ғалым-ұстаздарымыздың да пікірі екіге жарылғанын талай көргенбіз. Бірі 10 тамыз десе, енді бірі 23 тамыз дегенді алға тартады. Шілдеде өмірге келген дейтіндер де табылады. Басқасын айтпағанның өзінде Абай әлемін жақсы білетін ғалым Тұрсын Жұртбай мен ақын Несібек Айтұлының да ұлы тұлғаның туған күніне байланысты екі түрлі күнді атағанын да естідік. Соған қарағанда Абай Құнанбайұлы нақты осы күні өмірге келген деп кесіп-пішіп айта алмайтын секілдіміз. Дегенмен, деректерге көз жүгіртейік.

Осы күні 10 тамызды хакім Абайдың туған күні деп жұрміз. Бұл дерек қайдан шықты? Мәліметті Абайдың туысы Кәкітайдың баласы Әрхам Ысқақов айтқан. «Абайдың өмір жолы» атты еңбегінде хакімнің дүниеге келген күнін айтады. Онда: «Құнанбай ауылы Қасқабұлаққа келіп қонғаннан кейін, 1845 жылы ескіше 10 август күні Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжан толғатып, бір ұл дүниеге келеді... Құнанбайдың бұдан бұрын ер жетіп қалған екі ұлы болатын. Өзінің алғашқы бәйбішесі – Күнкеден туған баласының атын Тәңірберді қойған. Мынау үшінші ұлының атын Ибраһим деп арапшаалап қояды», – дейді.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақтың бас ақыны» атты мақаласында: «Абай 1845 жылы туған. Жылы жылдан екен», деген деректі келтіреді. Нақты күнін көрсетпеген. Абайтанушы Алмахан Мұхамедқалиқызының 2012 жылғы 9 тамызда Abai.kz-те жарық көрген «Абайдың туған күні неге әртүрлі аталып жүр?» атты мақаласындағы дерекке сүйенсек, «Абай жолы» жазған Мұхтар Әуезов те мақалары мен басқа да шығармаларында Абай Құнанбайұлының нақты туған күнін атап көрсетпеген.

Ғалым Қайым Мұхамедханов: «Әрхам өзі де жас шағынан Абайды көріп, ақынның немере баласындай болып өскен. Абай дүниеден кайтқанда 19 жастағы жігіт болатын», деп жазады. Ол кісі Абайдың туған күніне байланысты да зерттеу жұмыстарын жүргізген. «Әрхамның айтуы бойынша, Абайдың ескіше туған

күні 10 август, жаңаша 22 август болады. Қазақ Совет энциклопедиясында Абайдың туған уақыты 10 август 1845 жыл. Өлген уақыты 6 июль (?) 1904 ж. деп берілген. Қайдан алғаны белгісіз. 1975,1976,1985 жылдардың қазақ календарында Абайдың туған күнін 8 август деп көрсеткен» деп нақты дерек келтіреді.

Абай Құнанбайұлы 22 тамызда өмірге келген дейтіндер Қайым ағаның «жаңаша 22 август» деген пікіріне сүйенетін секілді. Неге екі түрлі күнді атап отыр. Ескіше, жаңаша деп бөлу де недей сыр жатыр?

Тарихи деректерге жүгінсек, 1918 жылдың 26 қаңтарында В.Лениннің бас-тамасымен әлемнен бірдей болуы үшін күнге жылжытылды. Осы мәліметтерді алға тартқан журналист Маржан Әбіш осы жылдың 9 тамызында «Егемен Қазақстан» газетіне жазған «Абайдың туған күні қашан?» атты мақаласында: «Яғни Абайдың туған күні ескіше 10 тамыз болғанда – жаңа күнтізбеде 23 тамызға сай келеді», – дейді.

Қазақ кеңес энциклопедиясында да, Қазақстан ұлттық энциклопедиясында да Абайдың туған күні ескіше – 29 шілде, жаңаша 10 тамыз делінген. Шілдеде туған дейтіндер осы дерекке сүйенетін сияқты.

Абайтанушылар Мұхтар Әуезовтің 1940 жылы Алматыда Абайға құлпытас жасатқанын жақсы біледі. Құлпытасқа «Абай 10 тамыз күні дүниеге келді» деп жаздырған. Бұл құлпытасы Абайдың басына қойдырған. Саналы тұрмыр Абайтануға арнаған Мұхтар Әуезовтің құлпытасқа жаздырған жазуы хакімнің туған күніне байланысты даудың нүктесі болуы тиіс деп есептейміз.

Енді аз-кем ұлы ақынның өмір жолына тоқталайық. Хакім Абай Ғабитхан молладан сауат ашып, 10 жасында Семей қаласындағы Ахмет Риза медресесіне оқуға барған. Ол жерде араб, парсы тілдерін үйренді. Сонымен қатар Низами, Науаи, Сағди, Хафиз, Физули секілді басқа да шығыс классиктерінің шығармаларымен танысады. Мұнан кейін Семейдегі «Приходская школаға» түсіп, А.С.Пушкин, М.Ю.Лермонтов, Л.Н.Толстой, И.А.Крылов, Ф.М.Дос-

тоевский шығармаларын оқып, Гете, Байрон мұраларына ден қойды.

Абай Құнанбайұлының өмір жолымен таныс адам оның 13 жасында әкімшілік билікке араласқанын жақсы біледі. Ел ішінде жүріп, отаршыл Ресейдің қол астындағы халқының ауыр тағдырын көріп өсті. Сол себепті қайтсе де елмен бірге болуды жөн санады. Ол 1875 жылы Қоңырқокшөде өткен сайлауда жеңіске жетіп, 1878 жылға дейін болыс болды.

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім» деген Абай уақыт өте келе алаңсыз шығармашылықпен айналысуға бел буады. Ол – «Жаз», «Күз», «Қыс», «Жазғытұры» сынды өлеңдер жазып, табиғаттың төрт мезгіліне бірдей қалам тартқан алғашқы қазақ ақыны. Оның «Ғылым таппай мақтанба», «Интернатта оқып жүр», «Сегізаяқ» секілді өлеңдерінен сол кездегі әлеуметтік жағдайды көруге болады.

Абай Шығыс елдерінің әдебиетін терең меңгереді. Соның нәтижесінде Шығыстың екі хикаясының желісімен «Масғұт» және «Ескендір» деген поэмалар жазды. Орыс классиктерін оқып, оларды қазақ тілінде сөйлетеді. Абай Крыловтың мысалдарын, Пушкиннің «Евгений Онегиннің» үзінділерін және Лермонтов, Буниннің шығармаларын аударған. Абайдың ән шығармашылығы қазақтың халық музыкасында ерекше орын алады. «Сегізаяқ», «Айтқым сәлем, Қаламқас», «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы» сияқты өлеңдерін халық жақсы біледі.

Хакім Абай өмірінің соңғы жылдарында «...кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алыс, я оқысын, керекті жоқ десе, өз сөзім өзімдік...» деп қара сөз жазуды қолға алды. Оның қара сөздері алғаш рет 1918 жылы Семейде шыққан «Абай» журналында жарияланды. Сонымен қатар орыс, қытай, француз сынды көптеген әлем елдері тілдеріне аударылды.

Қазақ әдебиетінде бүгін бір дәуірдің басында тұратын ақын 1904 жылы туған жерінде қайтыс болды. Сүйегі Жидебайға қойылды. Оның есімі дүниежүзі халықтары әдебиетінде Шекспир, Пушкин, Гётелермен қатар тұрады. Себебі оның әдеби мұрасы бүкіл адамзаттың рухани қазынасына айналды.

Ә.ЖҰМАДІЛДӨУЛЫ

## ЖЕТІММІН ДЕП АЙТА АЛМАЙДЫ, АТА-АНАСЫ ТІРІ ЖҮР

Ата-ана құқығынан айырылу кімге болса да оңай емес. Бауыр етің баланнан сот үкімімен айырып жатса, түсінген адамға одан асқан жаза жоқ та шығар... Қызылордада 3 ата-ана сот үкімімен ата-аналық құқығынан айырылды. Бұл ақпаратты Қызылорда қалалық полиция басқармасының баспасөз қызметі мәлім етті.



Полиция басқармасындағылар таратқан ақпаратқа сүйенсек, ҚР ӘҚБтК-нің 127 бабы, яғни ата-ананың немесе басқа да заңды өкілдердің балаларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерді орындамаған 50 азаматқа сот қызырымен әкімшілік шара көрілген. Түнгі уақытта 23.00-ден кейін заңды өкілісіз тұрғын жайдан тыс жерде болған 2058 жасөспірім анықталып, олардың заңды өкілдеріне тиісті әкімшілік шара көрілсе, кемелетке толмағандардың түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде болуына жол бергені үшін 74 құжат әкімшілік сотқа жолданып, сот қызырымен тиісті шара көрілген.

Қызылорда қалалық полиция басқармасының ювеналды полиция бөлімшесінің инспекторлары жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түнгі уақытта жасөспірімдердің ойын-сауық мекемелерінде заңды өкілдерінің ерліп жүруіне жол бергені үшін жайдан тыс жерлерде болған жасөспірімдерді анықтау бағытында рейдтік іс-шаралар ұйымдастырды. Атап айтқанда, есепті мерзімде ПО-на қадағалаусыз, қараусыз, қаңғыбастыққа салынып жүрген, әртүрлі құқық бұзушылық деректері бойынша 7 ай қорытындысымен жалпы 3227 әкімшілік хаттама толтырылған.

Кемелетке толмағандарды бейімдеу орталығына 201 кемелетке толмағандар тапсырылған. Ортақ пайдаланылатын орындарды жасөспірімдер үшін ҚР ӘҚБтК-нің 434-2 бабымен 682 әкімшілік хаттама рәсімделді, – дейді қалалық полицияның баспасөз қызметі.

Полициядағылар балалардың тәрбиесімен айналыспай, ата-аналық міндеттерін дәлелсіз себептермен орындамайтын 3 ата-ана сот қызырымен ата-аналық құқығынан шектелсе, 3 ата-ананың сот қызырымен ата-аналық құқығынан айрылғанын да мәлім етті.

Бұдан бөлек 1 жасөспірім Абай облысы, Көкпекті ауданы, Үлкен Бөген ауылында орналасқан «Абай облысының ерекше режимде ұстайтын арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бір жыл мерзімге орналастырылды.

Қызылорда қаласы көлемінде жасөспірімдер арасында қылмыс пен құқық бұзушылықтың және жасөспірімдерге қарсы жасалатын қылмыстардың алдын-алу, заңмен тыйым салынған уақыттан кейін қоғамдық орындар мен көшеде, ойын-сауық орындарында бей-берекет жүретін кемелетке толмағандарға әкімшілік шаралар қолданылуда. Сондай-ақ кемелетке толмағандарды құқық бұзушылық пен қылмыс жасауға итермелейтін ересек адамдарды анықтау, полиция органдарының профилактикалық және тізімдік есебінде тұратын кемелетке толмағандар мен қолайсыз отбасыларын тұрғылықты мекен-жайларынан тексеріп, олармен профилактикалық бағытта жұмыстар жүргізу мақсатында 5 жедел профилактикалық іс-шара өткізілді. Әрбір ата-анаға кемелет жасына жетпеген балаларын қараусыз қалдырмауды, бала тәрбиесімен тұрақты түрде айналысуды ескертеміз. Сондықтан ата-аналар өз баланың өміріне жауапты екеніңізді ұмытпаңыз, – делінген Қызылорда қалалық полиция басқармасының баспасөз қызметі таратқан ақпаратта.

Полиция басқармасы берген мәліметтегі 3 ата-ананың құқығынан айырылғаны туралы дерек талай адамды жылатқаны анық. Сот та мұндай қадамға басқа амалдың қалмағанынан кейін ғана барған шығар?.. Әке-шешесі тірі тұрып, баласы жетімнің күйін кешкен қандай ауыр... Жетіммін деп айта алмайды, өйткені ата-анасы тірі. Ата-анам бар деп те айта алмайды, өйткені ата-ана құқығынан айырылған. Өкінішті... Жанға бататыны да осы.

А.БЕК

Басы 1-бетте

Әлемді махаббат құтқаратынына сенім мол. Себебі әйел мен әлемнің байланысы, өзара ұқсастығы – тылсым мен тыныштық. Біз күткен ауаулы сезімдер, жылы сөздер сол тыныштықтың кепілі іспетті...

Лондон көшесінде қол ұстасып келе жатқан Чад пен Лора үнсіз ойда. Айға жуық уақыт кешіккен пәтер ақысы, коммуналдық төлем, нағашы Еслиден алған қарыз қайсысының да көңілін алаң қылған. Лора үнсіздікті бұзып, жауыр болған тақырыпты қозғауға оқталғанымен, күйеуінің қандай жауап қатарын сезін-ақ тұр. Оның үстіне Чадтың бір аптадан соң Францияға оқуға кетемін деген ниетін қоштамағаны өңіменің ақыры неге соғарын аңғартқан секілді. Екеуара үнсіздікке себеп болған да – ұрысқа ұласқан талқы-тұғын. Сондықтан ең дұрыс шешім үнсіздік.

Көңілі түскен Лора аяқ-қиям жөндеу шеберханасынан өте бере кілт тоқтады. Жуырда шеберхана жанында сәнді киім дүкені ашылған. Жаңа топтама келгенге ұқсайды. Лораның көңілін аударған да осындағы жаңалық – күмістей жарқыраған көйлек. Кең етек, жағасы бедерлі. Құны 3 мың доллардан кем емесі сөзсіз. Құдды қуанышты күнге киюге жаралғандай. Ертең отасқандарына жыл толарын есіне алған ол арман құшағында. Жақын-жуық, дос-жаран арасында күміс көйлекпен айнала билегенін елестетіп, қиялға ерік берді. Қолында – жауқазын, үстінде – көйлек, жанында – Чад. Бұндай бақытты сәт көпке дейін есінен кетпес еді. Дегенмен тұрмыс орайы ыңғай бермесін сезгенін шындық көшесіне күрсіне аяқ басты.

Чад жанындағы әйел назарын, арман-тілегін іштей ұққанымен дым білдірмеді. Оның өз уайымы, арманы бар. Лорамен бас қосқалы, асқақ арманынан бас тартып, үй қамымен Лондонда қалды. Екеуі кездескелі күнде тәтті шоколад, шок гүлдер үзілген емес. Ұшақ моторын шығаратын зауытқа жүк тасушы болып орналасуына да отбасын асырау қамы итермелеген. Францияға аттанып, ұлы суретші боламын деген арманын жанындағы арудың қуанышына айырбастағанына өкінібесе де, уақыт өткізіп аламын деген үрей бар-тын. Сол үрейді ауыздықтау үшін биыл Сорбоннаға құжат тапсырып, кетуге бейіл. Азын-аулақ қиған қаржысымен амалдап Парижге жетсе, артынша күнелту қамын табатынына сенімді. Әйткенмен, арман маза бермей, аяқ тартуға уақыт қысқақта.

Лора болса, ел асып, жана өмір бастауға жүрексінуде. Чадтың ашу үстінде айтқан сөздері мен «Қаласам, ертен-ақ сенсіз кетемін» деген реніші ауыр тиді. Екеуі де кикілжіңнің негізгі себебі осы келіспеушіліктен туындайтынын сезіп жүр.

## Күміс көйлек

Ерлі-зайыпты үнсіздік құшағында үйге қалай жеткенін аңдамады. Соңғы жанжалдан көңілі суыған Чад күндегі әдетінен айнып, жатарда әйелінің бетінен сүйемді. Іштей райынан қайтуға тырысқанымен, бірбеткей мінезі мүмкіндік берер емес. Арпалысқан ой жетегінде ұйқы да кеш келген...



Лора әдеттегіден ерте оянда. Күндегідей емес, жан-жағы ерекше жайнай, құн шуағы сәулесін еселендей. Бүгін ренішті ұмытып, кешірім сұрауға бекігеніне іштей риза. Келісіп шешуге, Парижге бірге баруға ықыласты екенін айтуға бел буған. Дегенмен үнсіздікке ұзақ жатып, сүйген жары – Чадтың жанында жоғын кеш аңғарды. Таңғы асқа түскен болар деп ойлағанымен, асүйден ұн шықпағалы біршама уақыт. Күтуден жалыққан ол асүйге барар жолда бөлмелерге бас сұғып шығуды ұмытқан жоқ. Ауаны да аздақтап. Таппады.

Чадтың үрейлі сөзі расқа айналып, жалғыз қалдырып кеткенін түсінгендей. Біраға дейін алдырап, не істерін білмеді. Танданыс, танданыс артынан қорқынып, қорқынып ізінен ашу келіп, көңілі толқуда. Өмірін жауапсыз жанмен қосқанына налып, өзін қоярға жер таппады. Көзден жас тоқтамай, көңілі алаудың. Көрінген жиһаз бен ыдысты төңкеріп-қиратып ашуын шығаруға тырысқанымен, нәтиже жоқ. Өксігін бас аламаған қалпы, керуетке сұлық түсті.

Реніш пен ашу арасында көзі ілінген Лораның есік қондырауы қайта оятты.

Чад шығар деген үмітпен жүгіре жетіп, есік ашуға оқталған.

Қызығы, есікке жетем дегенше сан ой-

ға берілді. «Қалай кешірім сұраймын?», «Неге оралды?», «Мәселені қайтпін оналтпаймыз?» деген ойлар он-он бес қадамда шыр айналды. Не де болса, сөйлесе шешермін деген ынтамен есікті жай ашты.

Алайда арғы беттен пошта хат таратушысы ғана көрінген. Үй егесінің жылай-жылай ісінген көзін, домбыққан бетін көрген пошта қызметкері қолайсыз ыржиып, оның қолына хат ұстатты. Көңілі түскен Лора хат таратушымен құлықсыз қоштасып, біраз тұрды. Сосын көңіл аударматан қағазды кіреберіс үстелге лақтыра салды. Кезекті коммуналдық төлемнің ескертпе хатына балап, бөлмеге беттеген. Тағы да өкініш, тағы да көз жасы...

Сәлден соң мұң құшағында жатқан Лора өзіне таныс үн естігендей болды. Чадтың дауысы. Алғашында, мүмкін, сағыныш елесі, ой алдыға болар деп мән бермеген-тұғын. Алайда секунд сайын жақындай түскен адам дауысы мен аяқ дыбысы күмәнді сөйлегендей. Көп өтпей:

– Лора! Лора! Қайдасың?! – деп алқына жеткен Чадты көрді. – Үйге не болған? Бәрі дұрыс па? – деп сұрақты үстемелеген күйеуіне сұраулы жүзбен қарап, құшақтай жөнелді.

– Сені... Сені кетті деп ойладым, жоқ деп ойладым. Тастады деп... – қапыра құшақтаған қалпы ойнағанды сөзін жүйсіз, асыға айтты. Лораның жылаған түрiнен, өксікті үнінен мән-жайды түсінген Чад үнсіз жарының шашынан сипады.

– Лора, сені қалай тастайын? Қайда кетейің?! Ешқашан ондай қадамға бармас едім. Болды, жылауды доғар. Көрдің бе, саған сыйлық әкелдім, – делі, аз да болса көңілін көтермекке күлімсіреп.

– Сыйлық? Не үшін?

– Бүгін отбасын құрғанымызға бір жыл емес пе? Сол үшін... Лора қолына ұстатқан қорапты сипалап, салтанатпен ораған бауды асықпай шешті. Байқаса, қорап ішінде көйлек. Кеше көрген қымбат та сәнді көйлек. Күмістей жарқыраған кең етек, жағасы бедерлі көйлек. Армандаған көйлек...

Қуаныштан Чадтың мойнына асылған Лора таңдаудан жаңылыспағанын, бәріне әзір жанның жанында жүргенін іштей сезді. Тіпті тұрмыс ауырталығын сезіне жүріп, қымбат көйлекті сыйға тартқанын ойлап, қуаныштан гөрі аяныш, екеуіне деген аяныш сезімі қылаң берді.


Ал үстел үстінде жылдық сыйақы салынған хат қос ғашықты күтіп жатты.

Джон БОЙН,

Ирланд жазушысы

Түпнұсқадан еркін аударма жасаған Берен ШАҒЫРОВ

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар: Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс) Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009) Кабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023) Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022) Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4. Т. Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу күзлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01.178 нөмірімен сертифицирталған. Атқалына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қыздарымен сәйкес келе бермейді, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А. Таралымы 3100 Тапсырыс №1261